



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

МРНТИ 14.15.15

Г.А. Усенов¹, К.Н. Скакова²

^{1,2}«Сымбат» Технология және Дизайн
Академиясы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада еліміздегі және дамыған елдердегі дуалдық білім беру жүйесі мен дамуы, теория мен практиканың байланысы, сонымен бірге оның еліміздің экономикасына тигізген әсері қаралады. Болашақ мамандардың жұмыс орнында тәжірибеден өту арқылы білімін толықтырып, оқу үдерісі барысында өндіріс дағдыларын игеруі және оған оқу үдерісінің тәжірибелік бөлігін ұлғайту және өндіріс орындарында сабақ өткізу арқылы қол жеткізуге болатындығы қарастырылады. Сонымен бірге, дуалды білім беру жүйесінің әлемнің дамыған елдерінде табысты түрде қолданылуы айтылады, біздің елімізде де дуалды білім берудің ойдағыдай дамуына барлық жағдай жасауға болатындығы дәлелденген.

Трек сөздер: қоғамдық-экономикалық формация, жеке меншік пен жаппай жоспарлау, нарықтық экономика, жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму, өнертапқыштық шығармашылық, бәсекелестік орта, креативті көзқарас.

Кіріспе

Достым, теория кепкен ағаштай, ал өмір гүл-гүл жайнайды.

Гете.

Атақты неміс ақынының осы нақыл сөздері дуалды білім берудің мәнін айқын ашып көрсетеді. Егер теория тәжірибемен толықтырылмайтын болса, ол жансыз нәрсеге айналады. Сонымен бірге ұлы ойшылдардың пікірінше, жақсы теориядан артық ешнәрсе жоқ.

Қазіргі таңда кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси жағдайға

өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті тігінші, шаштараз, аспаз және т.б. қоғамға қажетті жұмыскерлерді, қызметшілерді даярлауға бағытталған. Кеңестер Одағы кезінде жаңадан жұмысқа келген ЖОО немесе арнайы орта білім беретін мекеменің түлектеріне осыған дейін оқығаныңды ұмыт, енді қайтадан оқитын боласың дейтін. Алайда бұндай тәжірибе барлық жерде орын алмаған болатын. Мысал ретінде кәсіптік-техникалық училищенің түлегі болған біздің президентіміздің тағдырын қарастыруға болады. Ол жұмыс күнін металл қорытумен бастап, оның екінші жартысын металлургия негіздері мен материалдар қарсылығын, жоғары математика негіздерін оқумен аяқтайтын, басқаша айтсақ, тәжірибе барысында қолданатын білімін жинақтайтын. Нәтижесі адам таңғаларлықтай болды. Ол өндірісті сөз жүзінде емес, іс жүзінде білді және жинаған білімін тәжірибе барысында қолдана алды. Бұл кеңестік білім беру жүйесінің үлкен жетістігі еді. Сол кездегі Кеңестік МТУ және АМТУ-лар тек өндіріске қажетті мамандарын ғана емес, ауыл шаруашылығы мамандарын да дайындайтын орын болды. Сонымен бірге орта мектептің жоғары сынып түлектерінің «ДОССАФ» және үй шаруашылығы курстарында білім алу мүмкіндігі бар еді. Білім беру мен өндірістің арасында нақты байланыс орныққан болатын. Бірақ, біз ол кезде басқа қоғамда, басқа қоғамдық-экономикалық формация кезінде өмір сүрдік. Ол қоғамда мемлекеттік жеке меншік пен жаппай жоспарлау үстемдік етті. Халық шаруашылығының қажеттіліктеріне сәйкес барлық салалар бойынша мамандар дайындау жоспарлау бойынша жүзеге асырылатын, өндіріс пен білім беру жүйелерінің арасында үйлесімділік сақталатын. Барлық меншік

мемлекеттік болғандықтан шаруашылық халықтық болып есептелінді, өйткені ол кезеңде мемлекет халық ұғымының синонимі болып табылды. Бүгінгі таңда жоспарлы экономиканың орнын сұраныс ұсынысты айқындайтын нарықтық экономика басты.

Әдістер

Ал қазіргі күннің шындығы мынандай – біз мамандар дайындау саласында экономистер мен құқықтанушыларды жаппай өндірумен қатар, өндіріс пен құрылыс саласында маман жұмысшылардың жетіспеушілігін байқаймыз. Қазақстан Республикасының статистика органдарының ақпараты бойынша, 2010-2014 жж. экономиканың мамандарға деген жалпы қажеттілігі 287 мың адамды құраған, оның ішінде ЖИИД (Жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму) жобалары үшін – 106 мың [1]. Бәсекелестік пен инновацияларды енгізудің қазіргі кездегі талаптарына сәйкес соңғы уақытта орын алған ҚР өндірісінің техникалық және технологиялық паркін жаңалау үдерісінен кадрлар дайындау жүйесін жетілдіру қажеттілігі туындайды. Осы орайда дуалды білім беру жүйесінің маңызы арта түседі. Жұмыс орнында тәжірибеден өту арқылы болашақ мамандар оқу үдерісі барысында өндіріс дағдыларын игереді. Бұған оқу үдерісінің тәжірибелік бөлігін ұлғайту және өндіріс орындарында сабақ өткізу арқылы қол жеткізуге болады. Егер бұл ғылыми-техникалық салаға қатысты болса, зертханалар жағдайында өз идеясын тәжірибе жүзінде тексеру мүмкіндігін іске асыра алады.

Дуалды білім беру жүйесі әлемнің көптеген (АҚШ, Германия, Франция, Қытай және т.б.) елдерінде табысты түрде қолданылуда. Біздің елімізде дуалды білім берудің ойдағыдай дамуына барлық

жағдай бар. Дуалды білім беру жүйесін қолдану нәтижесінде үлкен жетістіктерге жеткен ел – Германия. Германияда көптеген қолөнер және техникалық училищелер ірі компаниялармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Училищелер компаниялардың кадрларға деген қажеттілігін алдын ала біліп отырады және сұраныс пен ұсынысқа сәйкес өз түлектерінің санын жоспарлай алады. Бізде мұндай жүйе әзірше жоқ. Алайда оған қажет барлық алғышарттар бар. Экономиканың қызу және қарқынды дамып келе жатқан мұнай мен газ өңдеу секторы, өзіндік құрылыс индустриясы және тәуелсіздік жылдары өз әлеуетін жоғалтпаған, жыл сайын миллиондаған тонна астық және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін экспортқа жіберіп отыратын аграрлық сектор. Тек жоспарлау және өндіріс пен білім берудің тығыз байланысына негізделген жұмысшылар мен ғылыми кадрларды дайындайтын бұрынғы кеңестік жүйені қалпына келтіру қажет. Жұмыс орнында білім беру жүйесін қалпына келтіру керек. Ал ұлттық компаниялардың барлығында кадрлар дайындайтын өз білім беру мекемелері болуы тиіс. Бұл ғылымның дамуы мен жоғары технологияларды қажет ететін өндіріс салаларында кадрлар дайындау жүйесіне де қатысты. Мысалы, «Казтелеком» АҚ қарастырайық. Ол акционерлік қоғам ретінде өз құрамына энергетика және байланыс институтын енгізе алады, ал ұлттық аграрлық университет еліміздің ірі агрошаруашылықтарымен серіктестік қатынастар орната алады. Меншік формасына тәуелсіз, мемлекеттік немесе жеке меншік болуына қарамастан, біздің еліміздің 100-ден аса ЖОО, бірнеше жүз колледждер мен 9000 –дай орта мектептер осындай байланыстар орнатуы керек.

Мектептер мен колледждер деңгейінде барлық жұмысшы, құрылыс және ауыл шаруашылық мамандықтарына, іскерлік пен дағдыларға, сонымен бірге ғылыми және өнертапқыштық шығармашылық негіздеріне үйрету қажет. Жоғары оқу орны мен жоғары оқу орнынан кейінгі жүйедегі оқу үдерісін нақты өндіріс пен қызмет көрсету салаларындағы мәселелермен, ғылыми ізденістермен ұштастыру керек. Осы мақаланың авторлары біздің еліміздің ЖОО оқытушылары мен Стэнфорд университеті (АҚШ) профессорының кездесуіне қатысқан болатын. Ол кездесуде АҚШ-да қалай профессор болады деген сұрақ қойылған еді. Ол оның өнертабысының патентін алып, өндіріске енгізген компания миллион доллардан аса пайда тапқаннан кейін профессор болдым деп жауап берген болатын. Ал АҚШ университеттерінде қандай білім беру стандарттары бар деген сұраққа: «Нақты бір стандарттар жоқ, әрбір университет өз талаптарын қалыптастырады», – деп жауап берген еді. Университеттер үшін білім беру стандарттары жоқ осы елдің цифрлық технологиялар саласында әлемдік деңгейде көшбасшы болуы, фундаменталды ғылымдар бойынша Нобель сыйлығы лауреаттары санының көптігі, сонымен қатар әлемде жалпы ішкі өнім бойынша, яғни бірінші категориялы валютамен бағаланған өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет бойынша бірінші орынды иеленуі таңғаларлық жағдай. Ал бірнеше ғасырлық тарихы бар дуалды білім беру бүкіл білім беру жүйесінің іргетасы болып табылатын Германия Еуропа экономикасының көшбасшысы.

Егер ең дамыған елдерден тұратын жетіліктің құрамына кіретін Жапония

көшбасшы болып табылатын Оңтүстік-шығыс Азияны қарастыратын болсақ, жапон халқының «Егер талпынып көрсең, болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін, алайда талпынбасаң, ештеңе болмайтыны рас» деген мақалы еске түседі. Бұл нақыл сөз осы аса үлкен жетістіктерге жеткендігін, робот жасау, электроника, автомобиль шығару және тағы да басқа салаларда қазіргі заманғы технологияларды қолданатын елдегі прагматизм деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Олар ештеңеге тектен тек сенбейді, барлығын тәжірибе арқылы тексеруден өткізеді. Аты аталған елдер әлемдік экономиканың, жаңа технологияларды қолданатын өндіріс пен қызмет көрсету салаларының көшбасшылары. Сондықтан әлемнің жетекші елдерінің тәжірибесін қолдана отырып біздің елімізде дуалды білім беру жүйесін енгізу, кейбір жақтарын қайтадан қалпына келтіру қажет.

Дуалды білім беру жүйесін енгізу барысында біздің діліміз, біздің халқымыздың мәдени-этникалық ерекшеліктері ескерілуі керек. Ауыл шаруашылығын мысал ретінде қарастырсақ, міндетті түрде біздің еліміздің табиғи-климаттық жағдайы, шөл далалар орманды далаларға, олар өз кезегінде қылқан жапырақты ормандарға ұласатын алуан түрлі ландшафт ескерілуі тиіс. Ал аграрлық өндіріс кешені үшін әрдайым тәжірибе қажет екені сөзсіз. Ол үшін ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын білім беру мекемелері сол саладағы кәсіпорындармен тұрақты байланыс орнатулары қажет. Бұл байланыс кәсіпорындар білім беру үдерісіне тікелей қатыса алатын деңгейде жүзеге асырылатын болады. Кәсіпорындар тәжірибе негізінде білім беру үшін жағдай жасап, барлық

шығынды көтеруі және мүмкіндік болса білім алушыларға айлық төлеуді қолға алулары керек. Сонымен қатар, білім беру мекемелері өндіріс базаларында өндірістік немесе

тәжірибелік білім беру жүзеге асырылуы мүмкін кәсіпорындармен тең құқықты негізде жұмыс істеулері қажет [2].

Нәтижелер

Дуалды білім беру жүйесін енгізудің тағы бір шарты – кәсіпорындар арасында бәсекелестік орта қалыптастыру, яғни білім беру мекемелерінің үздік түлектері үшін бәсекеге түсу. Ал ол түлектер өндірісте өздерінің кәсіби және тәжірибелік дағдыларын жетілдіре отырып, өз болашақтарын айқындай алады.

Дуалды білім беру жүйесін енгізу нәтижесінде еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес өндіріс пен ауыл шаруашылығының, қызмет көрсетудің барлық салаларында мамандар дайындауды жоспарлау мүмкіндігі пайда болады. Білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасында тығыз байланыстың орнауы нәтижесінде оқу және білім беру бағдарламаларына кәсіби ұйымдардың мақсаттары мен міндеттері, сонымен қатар оларға тән мәселелер енгізілетін болады. Оқушылар мен студенттер өздеріне қатысты салаларда не болып жатқанынан хабардар болып, білім беру мекемелері қабырғасында сол мақсаттарға жетуге, мәселелердің шешімін табуға бағдарланады.

Жүйелілік негізінде дуалды білім беруді енгізу дайындалылатын кадрлардың ұтқырлығы мен кәсіби біліктілігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын тәжірибелік пен инновациялық бағытта өзгертуге ықпал жасайды. Бұның барлығы білім

беру мекемелері зертханаларын қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге, кадрларды дайындаудың, қайта дайындаудың ғылыми-әдістемелік негізін әрдайым жетілдіріп отыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Кадрлар дайындаудың аталмыш жүйесі білім беру, ғылым мен өндірістің өзара сабақтастығын жүзеге асыруға ықпал етеді, нәтижесінде мамандардың біліктілігі артады, жаңа технологиялар дамиды және білім беру мен өндіріс саласында мәселелерді шешуде креативті көзқарастың орнығуына мүмкіндік туады.

Білім беру жүйесінің дуалдық жағына қарай өзгеруі адам капиталына инвестиция жасаудың тартымдылығын арттырады. Көптеген кәсіпорындар керек қаражат пен ресурстарды бөле отырып, білім беру мекемелерінде өздері үшін қажетті мамандарды дайындауды қолға алады.

Сонымен қатар, бұл жүйе өскелең ұрпақтың тез әлеуметтенуі мен ересек өмірге бейімделуіне де ықпал жасайды.

Дуалды жүйені енгізу үшін заңнамаға үш жақтың – білім беру мекемесі, білім алушы және дуалды білім беру жүзеге асырылатын ұйымның құқықтары мен міндеттері нақты көрсетілетіндей өзгерістер енгізу қажет. Бұл үш жақты шарт білім алушының құқықтарын қорғайды, оны маман дайындау үдерісінің жауапкершілігін жете түсінетін толыққанды қатысушысына айналдырады[3].

Білім алушыларды оқыту үдерісі бір мезгілді екі жерде – білім беру мекемесі мен өндірісте жүзеге асырылады, оқушы үшін теория мен тәжірибені салыстыруға, болашақ кәсібін өз бетімен игеруге және болашақ

мамандығы туралы өз пікірін

қалыптастыруға мүмкіндік туындайды. Әрине, өндірісте білім беру бағдарламасы жұмыс берушінің мүддесін ескеруі тиіс. Егер сөз ЖОО туралы болса, білім алушылардың ғылыми мәселелерді, өз мамандықтарына қатысты салаларды жақсы білулері және ғылыми зертханалар мен институттардың жұмысына белсене қатысулары қажет. Олар ғылыми-зерттеу үдерісінің бір бөлігі, ғылыми жобаларға қатысушылардың, тіпті оларды жүзеге асырушылардың бірі болулары керек. Осы орайда мамандыққа оқыту емес, басқа да кәсіптер ауқымында қолданылуы мүмкін іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру өте маңызды. Курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын жұмыс берушілермен бірлесе отырып анықтау керек. Тәжірибелік сабақтар барысында оқушылардың алдына өздері шешімін ұсына алатын нақты өндіріс мәселелерін қойған дұрыс.

Дискуссия

Өндіріс пен білім беру мекемесінде оқитындардың ара қатынасы 50 де 50 болу керек. Олар - педагогикалық дайындықтан өткен маман және өндірістік дайындықтан (білім беңгейін көтеруден) өткен оқытушылар. Маман дайындау барысында білім берудің 60%-нан көбі тәжірибеге арналуы қажет.

Өндіріс мамандарының мамандық бойынша оқытылатын пәндерге қатысты білім беру стандарттарын дайындауға және дипломдық жобаларды қорғауға байланысты комиссия құрамында болуы да маңызды болып табылады.

Қорытынды

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдауында: "Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы

білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер.. Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш”, – деп жастарға зор үміт артып отыр. Сондықтан да, өскелең ұрпақтың өз елінің нағыз патриоты,

мамандығы бойынша халқына адал қызмет атқаратын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдениетімізді, тілімізді, дінімізді, жерімізді сақтайтын, елімізді бәсекеге қабілетті мемлекет болып қалыптасуына септігін тигізетін техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық жүйесін құруды меңгерген, қоғамға адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасатынына сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Агранович М.Л. Экономические и социальные эффекты образования. Опыт статистического анализа. – М.: Просвещение, 2001. – 256 с.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118 // <http://zakon.kz> (accessed 15.01.2017).
3. Стратегический план Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2011-2015 годы // <http://zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html> (accessed 15.01.2017).

Г.А. Усенов, К.Н. Скакова

«Сымбат» Академия дизайна и технологии, Алматы, Казахстан

АКТУАЛЬНОСТЬ СИСТЕМЫ ДУАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В данной статье показана взаимосвязь теории и практики в системе образования нашей страны и развитых стран, добившихся впечатляющих результатов в экономике. Значимость дуального образования будет возрастать, так как будущие специалисты, получая теоретическую подготовку, имеют возможность тут же использовать знания на практике. Сближение образования и производства – потребность сегодняшнего дня. Для этого необходимо использовать опыт ведущих стран мира, а также опыт бывшего советского государства, где профессионально-техническое образование было тесно связано с производством. Это необходимое условие развития нашего нового независимого суверенного государства. Какая бы форма собственности ни была у предприятия, эта система образования, то есть теория, основанная на практике, должна стать приоритетной, а именно основной и главной. Ведь истинная теория всегда подтверждается практикой.

Ключевые слова: общественно-экономическая формация, частная собственность и плановая экономика, рыночная экономика, реформа для индустриально-инновационного развития, производство изобретений, конкурентная среда, креативное мировоззрение.

THE IMPORTANCE OF DUAL EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN

Abstract

This article examines the system and the development of dual education in developing countries, the relationship between theory and practice, as well as its impact on the economy. The significance of dual education will increase, since future specialists getting theoretical training have the opportunity to immediately use them in practice. And this is the need of today, the rapprochement of education and production. And for this it is necessary to use the experience of the leading countries of the world, as well as the experience of the former Soviet states, where vocational education was closely associated with production. And this is a necessary condition for the development of our new independent sovereign state. Whatever form of ownership the enterprise has, this system of education, that is, a theory based on practice, should become a priority, namely, the main and the main one. After all, the true theory is always confirmed by practice.

Keywords: Social and economic formation, private property and planned economy, market economy, reform for industrial-innovative development, production of inventions, competitive environment, creative worldview.

Автор туралы мәлімет: Үсенов Ғ.А. - философия ғылымдарының кандидаты, «Сымбат» Дизайн және Технология Академиясының доценті, Скакова К.Н. – гуманитар ғылымының магистрі, «Сымбат» Дизайн және Технология Академиясының «Технология, экономика және жалпы білім беру пәндері» кафедрасының оқытушысы.
e-mail: parasat-info@mail.ru

Сведения об авторах: Усенов Г. А. – кандидат философских наук, преподаватель кафедры «Технологии, экономики и общеобразовательных дисциплин» Академии дизайна и технологии «Сымбат», Скакова К. Н. – магистр гуманитарных наук, преподаватель кафедры «Технологии, экономики и общеобразовательных дисциплин» Академии дизайна и технологии «Сымбат».
e-mail: parasat-info@mail.ru

Author’s data: G.A. Ussenov – candidate of philosophical sciences, lecturer of “Technology, economics and general education disciplines” department of Academy of Design and technology “Symbat”, K.N. Skakova – MA, lecturer of “Technology, economy and general education disciplines” department at Academy of design and technology «Symbat»
e-mail: skakovakenzhe@mail.ru